


Сағадат Сәлімбаев



Қадам қадыр
Неде?



Сағадат СӘЛІМБАЕВ

ҚАРТ ҚАДІРІ
НЕДЕ?

Алматы — 2003

ББК 84Қаз 7-4
С 28

С 28 Сәлімбаев С.

Қарт қадірі неде?: Хикаят — Алматы, 2003, 271бет.

ISBN 9965-00-605-9

Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Сағадат Сәлімбаевтың “Қарт қадірі неде?” атты бұл хикаяты ортамызда жүрген қарияларымыздың “қадір-қасиеттері неде?” деген ой өрісіне еріксіз жетелейді. Ой салады. Бұл күрделі тақырып. Сондықтан да әр адамның қарттарға деген көзқарастары бір біріне сәйкес келе бермей, өз пікірлері мен берер өз бағалары болады.

Сағадат Сәлімбаев болса: “Қалам иелерінің басқаларына қарағанда бір артықшылығы, өздері айта алмағандарын кейіпкерлеріне айтқызатын болса керек” деп қарттардың қадір-қасиеттерін ол да өз ой елегінен өткізіп, кейіпкерімен тілдесе отырып жеңіл оқылатын, жатық тілмен жазылған хикаятын оқырман қауымға ұсынып отыр.

С $\frac{4702250201}{00(05)-03}$

ББК 84Қаз 7-4

ISBN 9965-00-605-9

© Сәлімбаев С., 2003

СӘТ-САПАР ТІЛЕЙМІН, САҒАДАТ!

Сағадат Сәлімбаев өз замандастарының өмірдегі тәжірибесінен мол қазына таңдап ала білген талапкер қаламгер. Өйткені ол адамдардың рухани және өндірістегі тәлім-тәрбиесінің пайдалы тұстарын жіті зерттеп, содан парасатты түйін түйді алдына негізгі мақсат етіп қойып отырады. Оның қай шығармасын алсаң да осындай қорытындыға келесің. Жазушы туындыларының аттары төмендегідей болып келеді: “Араша”, “Арпалыс”, “Батырлар ұрпағы”, “Дара тұлға Дәркембай”, “Ұстаздар тебіренісі”, “Жағаластар жарасымы”, т.б. Осылардың қай-қайсысында да автордың өзіндік қолтаңбасы айқын аңғарылып тұрады.

Аталмыш кітабында Сағадат біздің өміріміздегі ауызға жиі алынып отыратын жайттарды тілге тиек еткен. Ол — “Қарт қадірі неде?” деген сауалға байыпты жауап іздеу. Меніңше бұл өрекеті жемісті болған. Кітап оқырманның жандүниесін баурап алып кететін оқиғаларға толы. Бүгінгі замандастарымыз бойындағы парасат, адамгершілік, естелік, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер әр қырынан жан-жақты суреттеледі. Бұлардан түйін түйем деген адамға алар өнеге жеткілікті-ақ.

Өмір тәжірибесін болмысына мол дарытқан ардагер ағаларымыз бен әжелеріміздің өнегесіне тәнті болып, қызыға қарау әрбір жаңа толқын — жас ұрпақтың мақсатты борышы десек, Сағадат шығармасының бұл тұстағы көтерер жүгі салмақтана түскенін көреміз.

Мұндағы айырықша атауға тұрарлық нәрсе халқымыздың тұрмыстағы салт-дәстүр ерекшелігін көрсетуге талпыну.

Кітап Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Қарасай аудандарымен Қапшағай қаласында бүгінгі өтіп жатқан өмірдегі деректерге негізделген. Ардагер мен жас жеткіншектер мекемелерінде еңбек етіп жүрген азаматтардың, ауыл, аудан басшыларының өнегелі іс-тәжірибелері баршаға паш етіледі. Бұл ретте де біз жазушы қаламының қарымдылығын анық көріп отырамыз.

Оқиғаларды хикаят-әңгіме сипатында жазу да Сағадат шығармашылығына тән әдіс. Осы арқылы ол айтайын деген ойының кең қанат жайып, өріс алуына мүмкіндік туғызып отырады. Туысқандарының қате түсінігі нәтижесінде “Қарттар үйіне” кетуге мәжбүр болған қарияның тағдыры арқылы автор оқырманға небір аянышты жағдайларды көлденең тартады. Осылайша адамдар арасындағы шым-

шытырық қарым-қатынастардың бетін ашады. Оларға өз істеріне сын көзбен қарауды ескертеді.

— Ау, осы Сағадат шығармалары мінсіз бе? Әлде бір “өттеген-айы” жоқ па? — деп секем алушылардың кездесуі мүмкін ғой. Ондайларға айтарым: сөз саптап, сөйлем құрудағы селкеуліктер кездесетіні рас. Бірақ ол шығармалардың бағасына елеулі нұқсан келтіре алмайды. Сәлімбаев өмірдің терең сырын жақсы түсіне білетін, тәжірибелі қаламгер. Жоғарыда айтылған олқылықты жөндеп жіберуге әбден болады.

Кітап қалың оқырманға арналған. Соларға бүгінгі тіршілігімізде орын алып отырған үлгі-өнегені жария етіп, адамдар санасына жақсылық нышандарды берік орнықтыруды мақсат тұтады. Автордың мұнысын көрегендік деп бағалағанымыз жөн. Оның кейіпкерлері — біздің замандастарымыз деп жоғарыда айтып өттім. Ал замандастар өмірінен сын көтере алатын туынды жазу үшін замана ағымының өзіндік ерекшелігін түйсіне білу қажет. Бұл тұрғыдағы тәжірибе Сағадат бойынан жеткілікті-ақ табылады. Сондықтан да оның туындыларында сол адамдардың өмір жайлы тебіреніс пен толғаныстары бірінші орында тұрады.

Әдебиетіміздің тарихында инженер, дәрігер, т.б. сияқты мамандар өкілдерінен жазушы болып шыққан жандардың кездесетіні баршаға аян. Сағадат Сәлімбаев та солардың бірі, инженер мамандығынан жазушылық өнерге жол тартқан қаламгер. Осы ерекшелігін анық байқағандықтан да мен оның Қазақстан Жазушылар Одағына мүше болуын жақтап, кепілдеме бергендердің бірімін.

Сонымен қазақ жазушыларының қатарына тағы бір бауырымыз келіп қосылды. Ол әдеттегі алуан тақырыптардың ішінен “Қарт қадірі неде?” деген тақырыпты меншіктеді. Мұнысын өте құп көремін. Осы жолда іркілмей, табыстан-табысқа жете беруіне тілектеспін.

Кітап — оқырманымен өмірлі. Сондықтан да көркем шығармамен қызмет ету — халыққа қызмет етудің ең өнегелі жолдарының бірі екендігіне дау болмаса керек. Сағадат кітаптарынан да болашақта осындай өнегелі өрістің табылып отыратынына сенімдімін.

Біздің халқымыз о бастан өзге ұлт өкілдерін жатсынбай, құшағын кең жайып, бауырына тарта білген халық. “Қарт қадірі неде?” кітабында бұл жайында нақты да қызылықты деректер табасың. Республикамызды мекен еткен халықтардың арасындағы достық қарым-қатынас, өзара сыйластық рухы үзілмей жан-жақты көрінісін тауып оты-

рады. Жазушы мұны адамгершіліктің асқақ туындай қып биікке көтере білген.

Алпыстан асып, кемел жасына келген жазушы болдым-толдым деп тоқырап қалмай, қазір де шығармашылық ізденіс үстінде. Осы бағытымен ол болашақта да оқырмандарын зерделі көркем туындыларымен қуанта түсетініне сенімдімін.


Сәт-сапар тілеймін, Сағадат!

*ЫСҚАҚ Марат Абдошұлы
жазушы, филология ғылымдарының
кандидаты, профессор.*

АРДАГЕРЛЕР МАРШЫ.

Сөзі Сағадат Сәлімбаевтікі

Әні Сәбен Нұрбаевтікі



От-қа сал-са, күй-мей-тін, су-ға сал-са,
Бат-пай -тын. А-ты-мыз-ға ы-лай-ық,
Ар-да-гер-лер, біз бо-ла-мыз, біз бол-а-мыз
ө-ке бол-ған, ұл-қыз-ға, па-на-бол-
ған хал-қы -на, е-лін, жер-ін, қор -ға-
ған, ар -да-гер -лер, біз бо -ла -мыз-

Отқа салса күймейтін,
Суға салса батпайтын.
Атымызға ылайық,
Ардагерлер біз боламыз, біз боламыз.

Қайырмасы:

Әке болған ұл-қызға,
Пана болған халқына.
Елін, жерін қорғаған
Ардагерлер біз боламыз.

Қастандыққа тас қадап,
Татулыққа ту қадап.
Тыныштықтың сақшысы,
Ардагерлер біз боламыз, біз боламыз.

Қайырмасы:

Халқым менің аман бол,
Денсаулығың болсын зор.
Еңбек етсең табыс мол,
Қиындықты жеңгенбіз де, жеңеміз.

Қайырмасы.

ҚАРТ ҚАДІРІ НЕДЕ?

*Іс-шараны атқарушы бар,
Оған сын айтып басқарушы бар,
Ақыл қосар қарттарыма,
Бар ғой, құлақ аспайтын тағылар.*

* * *

*Қарттар да бір кез бас болған,
Билік бар деп, сен есірме!
Салтанатты мына өмірге,
Жеткізді олар сені де.*

Қорлан.

I

Тағдырдың талғамы қатаң, кең әрі терең. Кейде ұзағынан болса, кейде қамшы сабындай қысқа. Беліңнен басып тұрып опыра салады. Опырыласың да қаласың. Одан кейін қалпыңа қайта келу көп күш пен бейнетті, ақыл мен сәуегейлікті, қажымас қажырлылық пен табандылықты керек етеді. Осыған орай айтарым: Тағдыр талғамының күншуақ жағында болу — қалай да өз қолында. Айналаңдағы табиғат пен ел-жұртыңа көрсеткен жақсылығың — жіберіп алған қателіктеріңнің көлеміне байланысты. Өмір бойы ізденіспен жиып-терген сана-сезіміңнің көтерілген деңгейі мен өмірден түйген түйсіктеріңнің молдығын да Тағдыр ескереді.

Оу Сарыағаш санаториясында атақты, елімізге әйгілі қаламгер Досыммен таныстырып, одан соң достастырып жіберген тағдырға неге риза болмаспын! Өйткені Досым емес пе, құрмет демалысына шығу мерзімім таяп қалғанда бойымдағы жазу деген “аурудың” көзін ашып, қоздырып жіберген. Кейінгі жылдары сол құрмет тұтар Досыммен әр қилы себептермен хабарласа алмай қалған едім. Бір күні сәті түсіп, сәлем бере үйіне бардым. Достықты бағалай білетін жанда дауа бар ма! Баяғы Досым! Құшақ жая жылы жүзбен қарсы алып төрге оздырды. Аман-саулық сұрап болған соң, өткен-кеткенді еске ала отырып:

— Сәке, өз тағдырыңызға ризамысыз? — деген сауалды Досым көлденең тарта қойды.

Ол жайын бұрын өзім де ойланып-толғанып жүретінмін. Аяқ асты қойылған бұл сұраққа іркілмей:

— Әрине, ризамын! — дедім де, — Тағдырдың қуанышқа бөлеген шуақты жағы шамалы болса, да, қыспаққа алған кездерінде, өмірдің қызықты қай бір тұстарына қолым жетпесе де, қымбат, әрі қызықтырған көп қызықтарды көзіммен көріп, қолыммен ұстамасам да — олардың қаншалықты қызық әрі бағалы екенін ішкі түйсігім сезінумен болды. Оларды көңіліме тоқып, шамам келгенше сырттай ой елегінен өткізіп жүрдім. Осыған орай, адамгершілік деген асыл қасиет осы болар деп: “Алдымен өзгеге, содан кейін өзіме” деген қағиданы сана-сезіміме кұйып алып осы уақытқа дейін мықты ұстап келіппін, — дедім де. — Әрине, одан жаманшылық көргенім жоқ, — деп ойымды одан әрі өрбіттім. Қапан да жолдас-жора, туған-туыстардың ортасында болдым. Сол ортаны қызықтай жүріп Пайғамбар жасына келгенімді де байқамай қалыппын. Содан, ол жастан да астық. Осы тұста жақын тұтып жүрген жандардың маған деген қарым-қатынастары мен көзқарастарын сараптай бастағанымнан болар, бұрын олай істеу деген ойыма келмеген екен, сана-сезіміме әлде қандай өзгерістердің ене бастағанын байқадым.

— Қызық екен. Ол қандай өзгерістер? — дейді зейін қоя тыңдап отырған Досым.

— Ол өзгерістер менің кінәм емес-ау, қартайған шақта қолда “күлшенің” қалмағанынан болар, — деп күліп алдым да. — Өткен өмір жолыма ой жүгіртіп қарасам — шалқайғанға еңкейіппін де, еңкейгенге төселіппін. Жан баласына сый-сиапат көрсетудің бірден бір дұрыс жолы сол деп ұқсам керек. Солай да шығар. Дегенмен: “Еңкейгенге еңкей, өкең сатып алған құл емес, шалқайғанға шалқай пайғамбардың ұлы емес” деген қағиданы естен шығарып алсам керек. Енді ғой еңкейсең, де, шалқайсаң да еш нәрсеге ықпал жасай алмай, кімге қай жағынан келіп, қалай сөйлесем екен деп жәутендеудің молайған кезі.

— Қарт қатарында саналсаң да, — деп әңгімемді жалғастырдым. — Өмір ағымының аяқ асты өзгере қалуы онай ма деймін. Кім ойлаған осы жасқа келген тұста аудан көлеміндегі болып жататын іс-шараларға қатысып, қатысып қана қоймай, қай тұста оны өзім ұйымдастырып, өзім соны басқаратынымды. Ойлаймын, бұл да Тағдырдың маған (соңғысы болуы да мүмкін) көлденең тартқан көп сыйларының бірі болар деп. Тағдыр әр қарттың қолына мұндай сыйды ұсына бермейді! Сондықтан да мен тағдырыма ризамын, Досеке! — деп бір деммен ойымдағыны айтып шықтым.

Тізбектеп айтып берген ойларым мен пікірлерімді Досым құптады ма, әлде келіспеушілік тұстары болды ма, ол

жағы маған беймәлім болып қала берді. Өйткені үнсіз, зейін қоя аяғына дейін тыңдап алған ол езу жиып күлді де қойды. Өз пікірін айтпады. Кезі келгенде, әйтеуір бір айтар деген үмітімді арқалап мен де кете бардым.

Тағдыр берер сыйын жетектеп әкеліп қолыңа ұстатпайды. Ретін келтіріп, сол сыйға қарай бағыт береді. Өзін барып ала алсаң алдың, айырылып қалсаң өз обалың өзіңе. Алған күнде ол сыйды игере аласың ба, әлде тоз-тозын шығарып шашып жібересің бе. Оның бәрі өзіңнің іс-әрекеттеріңдегі қабілетің мен сана-сезіміңнің жеткен деңгейіне тікелей байланысты. Жоғарыдағы айтылған ой-пікірлер төңірегінде, қадірменді оқырманым, әңгіме өрбітіп көрелік. Ыңғайға келмей жатқан жерлері болса өздеріңіз ойша қиыстырып жібереді деп сенемін.

* * *

Көше бойында кездесе кеткен Жапарбек:

— Сәке, пенсия беріп жатыр. Барып алдың ба? — деп білген мәліметін жеткізеді.

— Жоқ, бармадым.

— Неге?

— Банктегі ақша таусыла қоймас. Азаннан кезекке тұрып, айқай-шумен алмай-ақ, келесі аптада барып алармын, — дедім езуіме күлкі үйіріп.

— Әрине, басы артық ақшаң болса бір апта кешіктіріп алсаң да болады, — дейді Жапарбек шамалы қабағын шытып.

— Жәке-ау, айқай-шуға араласпай бір апта кеш, ел аяғы саябырлаған кезде алып жүрсең, одан зейнетақың кеміп қалмайтын шығар, — деп тағы езу жидым.

— Түсінемін, солай етсе де болады. Зейнетақыны беріп жатқанын естіген кезде жүгіре жөнелгендерге қалай ілескенімді өзім де байқамай қаламын. Адам баласының мінез-құлқы қызық қой, — деп Жапарбек те күліп жіберді.

Осыдан кейін бір аптаны артқа тастап зейнетақы алатын халық банкісіне бас сұқтым. Соның өзінде төрт-бес адам кезек күтіп тұр.

— Соңы кім екен? — деген едім, алдымдағы қарт әйел бұрыла беріп.

— Менмін. Ә-ә, сіз екенсіз ғой. Сау-сәлеметсіз бе? — деп ілтипат көрсетіп жатыр.

— Өзіңіз де сәлеметсіз бе? Ауыл-аймақ аман ба? Денсаулығыңыз қалай? — деп Надежда Егоровнаға мен де ықыласымды төгіп жатырмын.

— Шүкір, аманшылық. Жұмыс орнын қалдырып, зейнетақымыды ала қояйын деп келген едім.

— Қызметке орналасқан екенсіз ғой. Кім болып?

— Қайдағы қызмет. Ақы төлейтін жұмысқа бізді алушы ма еді.

— Олай болса қандай жұмыс орны айтып тұрғаныңыз?

— Көк тиын төлемейтін көпшілік жұмысты арқама арқалатып қойған жоқ па. Уақытша деген еді, міне жылдан асып барады. Қайыра алатын ойлары жоқ.

— Қызық екен?

— Қызығы ол емес, қызығы сол, ол орынға Жолдан Иманқұлов деген соғыс ардагерін сайлаған едік. Ақы төленбейтін болған соң, күнделікті барып-келетін жол шығынын есептеген болар, ол жұмысты істей алмайтынын айтып, бас тартты емес пе.

— Содан?

— Содан, уақытша деп, мені қайта жекті. Айтпақшы...— деген Надежда Егоровна маған қадала қарады.

— Не айтпақ едіңіз?— деймін.

— Ойыма бұрын неге келмеген? Сол жұмыстың тізгінін сіздің қолыңызға неге ұстатпайды? Ертең барып кандидатураныңды ұсынып көрейінші,— деді тірелген тығырықтан жол тауып кеткендей болған Надежданың жүзі жадырай беріп.

— Қойыңыз. Мені әуре қылып қайтесіз. Қарап жүргенім жоқ. Құрмет демалысына шықсам да өзімнің күнделікті тірліктерім толып жатыр,— деймін.

— Айтып отырған күнделікті тірлігіңіз қалам басын кеміре отырып ойдан түйін түйу ме. Оны...

Осы тұста Надежданың кезегі келіп, әйнек астындағы саңылаудан оның ар жағында отырған сымбаты сұлу қызға құжаттарын ұсына берді.

Надеждамен өзара болған әлгі әңгімеден кейін екі аптадай уақыт өтіп те кетті. Оның айтқан ойын ұмытып та қалыппын. Өйткені жай айтыла салған сөз ғой деп онша мән бере қоймағам.

Әлдеқандай шаруамен аудан әкімшілігіне бара қалған едім, дәлізде, “Отан” партиясының атқарушы директоры Дәмір Тұяқбайұлымен ұшыраса кеттім.

— Сәке, сізбен қалай хабарлассам деп жүрген едім. Кездескеніңіз дұрыс болды. Әңгіме бар. Менің кабинетіме барып сөйлессек қайтеді,— деді Дәмір.

— Барсақ баралық,— деген мен оның соңынан ілестім. Кабинетіне кіріп, орнына жайғасқан ол:

— Сәке, отырыңыз, — деп иегімен отыратын орындықты мезгелі де. — Сізге ұсыныс болып тұрғаны, — деді.

— Ол қандай ұсыныс?

— Ауданымыздағы соғыс және еңбек ардагерлер кеңесі төрағалығының тізгінін қолыңызға ұстатсақ деген ойдамыз.

— Ол бола қояр ма екен. Естуімше ол орынға Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер сайланады деуші еді. Мен болсам ешбір соғысқа қатысып көргенім жоқ. Бұл ойланатын іс. Оған қоса, аудан басшылары не дер екен, мен келісім берген күнде?... — деп әлгі ұсынысты бірден мақұл алуға бара қоймадым.

— Ұлы Отан соғысына қатысқан ақсақалдарымыздың ең жасы жетпістен асып сексенге таяп қалғандар. Олардың жүріп-тұруы күннен күнге қиындап бара жатқандықтан еңбек ардагерлерінің арасынан кандидатура іздестіріп, ол орынға сізді лайық деп отырмыз. Орынбасарға кандидатураның ұсынған едік, қарсы бола қойған жоқ. Келісімін берді. Енді өзіңіздің ынтаңыз білсін. Ойланыңыз. Келесі аптада келіп, жауабыңызды беріп кетсеңіз дұрыс болар еді, Сәке — деген Дәмір келісімін бере қойса екен деген ықыласын төгіп жатыр.

— Орынбасардың менің кандидатурамды мақұл алғаны таңданарлық екен де.

— Неге олай дейсіз, Сәке?

— Ол өзінше бір әңгіме ғой. Кейін түсіне жатарсыз.

— Бұл сөзіңіз мен үшін жұмбақ болып жүретін болды ғой, — деген Дәмір қайтып ол жайында ешнәрсе сұрамай езу тартты да қойды.

— Маған деген сенімдеріңізге рахмет, Дәке! Қабырғаммен ақылдасып көрейін, — дедім де үлкен ой үстінде кабинеттен шығып кете бардым.

Құрамында отыз үш мүшесі бар соғыс және еңбек ардагерлер кеңесі, ауыл әкімдері қатысқан жиын өткізді.

— Осыдан бір айдай бұрын аудан ардагерлер төрағалығына өздеріңіз сайлаған Жолдан ағамыз бұл жұмыстан бас тартуына байланысты, ол орынға келесі ағамызды ұсынып отырмыз. Бұл ағамыздың өмір жолын таныстырып өттім. Былай да өздеріңіз жақсы білесіздер, кім екенін. Егер араларыңызда: “Жоқ, ардагерлер кеңесінің төрағасы мен боламын” деушілер болса, жасырмай, оны айтыңыздар, — деді Орынбасар отырған қауым жұртқа көз жүгіртіп.

— Жалақысы жоқ жұмыс екен де.

— Жалақы беретін болса ол орынға ұмтылушылар да аз болмас еді ғой, — деген сөздер естілді.

— Жасыратыны жоқ, бұл жұмыс тегін атқарылады. Өкімет тарабынан ешқандай қаржы бөлінбейді. Тек ақсақалдарымыздың ынта-ықласына тікелей байланысты, — деген Орынбасар отырғандарды қайта шолып шықты.

Біраз үнсіздік орнады. Содан соң:

— Арамызда ол тізгінді қолыма ала қойсам дейтін ешкім жоқ.

— Сәкең келісімін берсе біз қарсы келмейміз, — деген дауыстар естілді.

— Олай болса дауысқа салайық. Кім де кім аудан ардагерлер кеңесінің төрағасы болып ұсынылып отырған ағамыз сайлансын дегендеріңіз қол көтеріңіздер, — деген Орынбасар отырғандарды жанарымен тағы бір шолып шықты.

Бір ауыздан аудан ардагерлер кеңесінің төрағалығына сайланған мені алғашқылардың бірі болып Орынбасар орнынан тұрып келіп құттықтады.

Осы отырыста он жеті баптан тұратын аудан ардагерлер кеңесінің 2001-ші жылға арналған жоспары да бекітілді.

Жақсы тілектер айтылып болған соң ақсақалдар тарасты.

Қайталап айтайын, Пайғамбар жасынан асып кеткен маған бұл да Тағдырдың кезекті берген бір сыйы болар деп есептеймін.

II

Ауданның тарихы деген оның жері мен өзен-көлі қанша, әр алқаптан қанша өнім өндіріп, қанша қаржы кіріс кіргізілді. Байлығымыздың қаншасы қолымызда, қаншасы шығынға ұшырады. Оған қоса Ұлы Отан соғысы батырлары мен еңбек ардагерлері қанша екенін санап, тізімге тізіп беру ғана емес шығар деймін. Жоғарыдағы айтылғандарға қоса, аудан тарихы — әр кезеңдегі билік басында отырған үлкенді-кішілі атқа тақым артқан басшылардың ел-жұртына, жер-суына, қарапайым халқына деген көзқарастары мен қарым-қатынастары, оларға көрсетер сыйсияпаттары мен көрсетер көмектері де аудан тарихына жататын болар деген ойдамын.

Адам баласының бір басында — тіршілік иелеріне көрсетер жайдарлы мінездері мен қиналғанда қол ұшын беретін жанашырлығы бар да, онымен қоса — санадағы саяздықтың, көзқарастағы мешеуліктің, ой-пікірдегі дүмбілездіктің, іс-әрекеттегі дүмшіліктің, мақсат-мұраттағы өзімшілдіктің, қарым-қатынастағы тік бақайлық пен тар өрістіліктің, мінездегі зымияндықтың, сезімдегі қарабайырлықтың, жан-

дүниедегі жарымжандықтың болатыны ата заманнан әйгілі. Осыған орай ел билігін қолында ұстаған үлкенді-кішілі басшылардың басында кейінгі айтылғандардан көрі алғашқы айтылған қасиеттер молынан кездесер болса, ол басшы еліне де, жеріне де жағымды. Ол үшін жұрты отқа түсіп күйуге, суға түсіп батуға дейін барады. Егер алғашқысынан да кейінгілері бір басында басым болса, ол басшы елінің де, жерінің де соры! Басшы сайланарда осы тұстары елеусіз қалып қоятындары өкінішті-ақ!

Осыған орай, аудан ардагерлер кеңесінің төрағалығына сайланғаннан кейін, «жазушы шындықтың шырақшысы, ақиқаттың апостолы» деген қағиданы бетке ұстап, жоспарланған іс-шараларымды аудан басшыларының қолдауы мен олардың көрсеткен теріс қылықтарын да қағаз бетіне түсіре кеткенімді жөн көрдім. Өйткені, «ақиқатты айтқан адам айыпты емес, оны көріп тұрып көзін жұмып айналып өткен адам айыпты!» деген де пікір бар ғой.

Кәзіргі Еңбекшіқазақ ауданы, бұрынғы Шелек ауданымен қосылғаннан кейін облыс көлеміндегі халқы жағынан да, жері жағынан да ең үлкен аудандардың бірі болды. Бүгінгі күні жер көлемі 8300 шаршы шақырым болса, халқының саны 204505 жанға жетеді. Қырық ұлт өкілдерінен құралған аудан тұрғындары — қазақтар — 91211, ұйғырлар — 44994, түріктер — 9874, орыстар — 36854, немістер — 2400, азербайжандар — 3390, басқаларының қосындысы 15782-ге жетеді. Олардың ішінде ардагерлер саны жиырма бір мыңға жуық. 586-сы соғыс ардагерлері. Міне, осы жиырма бір мыңға жуық ардагерлердің кеңесін басқару менің мойныма жүктелді. Ол оңай шаруа емес екенін, әрине, кейін білдім. Бас тартуға кеш болды. Аудан басшылары іс-шараларымды қолдап дер кезінде көмектесіп жіберетін болса, әрине, біраз шаруаны іске асырып та қалармын деген ойда болдым.

Аудан ардагерлер кеңесінің төрағалығына сайлануым Ұлы Отан соғысының жеңіс күнінің 56 жылдығының қарсаңында өтті. Ол датаның құрметіне облыс әкімінің орынбасары Жібек Әмірханованың қол қойған хаты аудан басшыларының қолына тиді. Ол хатта былай делінген.

Акимам районов, городов.

В связи с 56-й годовщиной Победы в Великой Отечественной войне 1941—1945 годах, прошу принять меры по проведению мероприятий в ознаменование этой даты.

Организовать встречи, приемы ветеранов войны, праздничные шествия, концерты, спортивно-массовые мероприятия. Оказать участникам и инвалидам войны социальную поддержку в виде материальной помощи, решить их проблемы.

Провести возложение венков к памятникам и обелискам, на братские могилы воинов Великой Отечественной войны.

Для поддержки и активизации деятельности областной организации ветеранов провести субботники, благотворительные концерты и другие акции.

Денежные средства перечислить на расчетный счет 700552, код 722, Банк Каспийский, РНН 090500028632 Алматинского областного Совета организации ветеранов.

В средствах массовой информации обеспечить широкое освещение мероприятий по подготовке и проведению празднования Дня Победы.

Информацию о проделанной работе представить в аппарат Акима области к 10 мая т. г.

Заместитель Акима области Ж. АМЕРХАНОВА.

Қолына тиген бұл хаттын ізін суытпай аудан әкімінің орынбасары өз атынан ауыл әкімдеріне хат жазады. Хатын «Акимү округа» деп бастайды. Содан облыстан келген хатты түгел, сол қалпында көшіреді де, соңғы сөйлемін өзгертіп: «Информацию о проделанной работе представить в аппарат Акима района к 7.05.01 года деп аяқтап, «Заместитель акима района» деген тұсқа қол қояды.

Осы хатпен ілесе келесі хат та дүниеге келеді.

Акимү

(Қай әкімге екені қолмен жазылуы тиіс болды)

В связи с подготовкой празднования 10-и летия независимости Республики Казахстан и 56-й годовщиной Победы в Великой Отечественной войне, просим Вас для поддержки и активизации деятельности областной и районной организации ветеранов оказать финансовую поддержку от имени юридических лиц, организации находящихся на территории Вашего округа в размере _____ тенге (тенгенің де көлемі қолмен жазылуы керек еді). Для этого провести субботники, благотворительные концерты и другие акции.

Денежные средства в размере _____ тенге (мұны да қолмен жазу керек) перечислить на расчетный счет 700552

код 722 Банк Каспийский РНН 090500028632 Алматинского областного Совета организации ветеранов.

Информации об исполнении представить зам. акиму района к 7 мая 2001 года

делінген бұл хатта.

Соңғы хатты қолыма ұстатқан аудан әкімінің орынбасары:

— Мынаны ксерокстен өткізіп көбейтіңіз де, көлемі қанша теңге екені жазылған соң, әр ауыл әкімінің қолына ұстатыңыз. Олар аудан ардагерлер кеңесінің есеп-шотына, осы хатта көрсетілген мөлшерде ақша аударарды,— деді.

Облыстан анандай, ауданда мынандай шешім-хаттар жазылып жатқанына дән риза болған мен, оның тапсырмасын қалт жібермей, дер кезінде орындап, есеп-шотымызға, облыс арқылы болса да, азды-көпті ақша түсуін күтіп жүрдім. Ұзын сөздің қысқасы әлі күнге облыстан да, еш ауыл әкімдерінен де, басқа мекемелерден де есеп-шотымызға бір де тиын түспеді. Үсті-үстіне жазылған хаттардан ешқандай нәтиже шықпады. Жай, көз қысты, бармақ басты жазылған хаттар ма деп қалдым. Содан әлі күнге дейін есеп-шотымызға тиін-тебен түспесе де, түсіп қалар деген үмітпен жүріп жатқан жайымыз бар.

Қаржылай көмек болмаған соң, жиіміз күрмеуге келмей қиналып-ақ жүрміз. Әлеуметтік жағдайын айтып көмек сұрай келген ардагерлерге бар береріміз — білгенімізше ақыл мен кеңес. Аудан ардагерлер кеңесінің атынан өтініш хат жазып беру. Болмаса басшыларға барып жағдайын түсіндіру. Әзірге бар болғаны осы. Аудан басшылары мен атқа қонған аяулы ақиық азаматтарымыз қолдау көрсетпесе жарғыдағы айтылған ардагерлердің құқығын іске асыру мүмкін емес-ау деймін. Ардагерлердің айтқан өтініштерінің бірі орындалса, бірі орындалмай қалып қойып жатқандары жанымызға батады-ақ!

Айталық, еңбек ардагері Ахау Бектұрғанов тұрған пәтерінің тозып кеткенін айтып, оны жөндеуден еткізуге қаражатым жетпейді деп көмек сұрай келген болса, соғыс ардагері Федор Михайлович Карповтың туыстары келіп:

— Есік қаласында соғыс ардагерлеріне орнатылған даңқ ескерткішіндегі Федор Михайловичтің аты-жөні неге өшіріліп, оның орнына басқа біреудің аты-жөні жазылған?! Ондай бассыздықты кім істеп жүр, оған кім жауап береді?— деп ашу шақырғандар да болды.

Түрген ауылында тұратын соғыс ардагері Мария Королева арызданып келді. Арызында, заң бойынша өзіне тиесілі

жерінің бір бөлегін көршісі иеленіп алғанын. Ол жайында участкелік милицияға да, болмаған соң аудан архитектурасының бастығына да жағдайын айтып барған екен. Олардан көмек болады деп сарғая күтіп шаршаған соң арыз жазып бізге келіпті.

Тау Түрген ауылынан соғыс ардагері Молдахмет Жігітеков те аудан ардагерлер кеңесіне келіп кеуде кернеген жағдайын айтып, мүмкіншілігіне көмектесіп жіберуді өтінеді. Арызында 1998-ші жылы демалыс орнына баратын жолдамасын, не оның орнына (заң бойынша) төленетін ақшасын ала алмай сандалып жүргеніне жылдан асқанын айтып іштей ренішін білдіреді. «Тіптен, Түрген ауылындағы дәрігерлер, біздер, демалыс орнына барып қайтуға денсаулығымыз жарамайды деген қорытынды жасап қолдарын да қойып тастапты. Неге олай істегендерін түсінбедім. Біраз айқай-шудан кейін олар бұрынғы пікірлерін өзгертіп, демалыс орындарына барып демалып қайтуларына болады деген қорытынды жасап, қолдарын қайта қойыпты. Енді келіп, жолдама да жоқ, оның орнына беретін ақша да жоқ. Сонымен әлі күнге сандалып жүрміз. Тау Түрген ауылынан соғыс ардагері жалғыз мен ғана емеспін, жетеуміз. Қайсымыз қашан барсақ та ақша жоқ дегеннен басқа айтарлары болмайды» деп мұңын шағады. Дәл осындай жағдай басқа ауылдағы соғыс ардагерлерінің де бастарынан өтіп жатқаны, әрине, кұпия емес.

1903-ші жылы туған, соғыс ардагері Құрманбай Ахметов ендіге басып, әзер жүріп келіп аудан ардагерлер кеңесінің бөлмесіне бас сұқты. Құрекеннің өтініші — 1920-шы жылы туған інісі Әбдікәрім Ахметов осы Есік қаласынан 1941-ші жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, 1942-ші жылы оның жанұясына «қара қағаз» келгенін. Ол Калинин облысы Молодотруденный ауданы Бочкова деревнясында Отан қорғау жолында қаза болғанын айта келіп, сол інісінің еш жерде («Боздақтар» атты кітапта да, даңқ ескерткішінде де) аты-жөні жазылмағанын айтты. Аудан әскери комиссариатына да неше мәрте барған екен, одан да нәтиже шығара алмапты. Енді не істерін білмей дінкелегенін айтып ренішін білдірді.

1917-шы жылы туған Мария Ивановна Омаровнаны аудан ардагерлер кеңесінің бөлмесіне қызы жетектеп келіп жағдайын түсіндірді. Кезінде әскери бөлімшесі қызметкерлерінің ынтасыздығынан куәлігіне Мария Ивановна Омарова соғысқа еркімен жалданып келген деп жазып жіберіпті. Шын мәнінде, басқа құжаттарының бәрінде ол кісі нағыз соғыс шебінде медбике болып, көптеген жа-

ралы жауынгерлерді аман алып қалғаны жайында айтылады. Бірақ бұл туралы ешнәрсе мәлімденбеген. Кезінде жіберілген осы бір қателікті түзеп жіберуге көмек сұрай келгенін айтады.

Бірде соғыс және еңбек ардагерлерінің тізімін жазып қала ардагерлер кеңесінің төрағасы бас сұғады. Ондағы тілегі — «Семиречье» шаруа қожалығының төрағасы Әлімжан Жұмабековке аудан ардагерлер кеңесінің атынан қатынас хат жазып, оның иелік ететін алқаптарынан тізімге тіркелген қариялар шөп шауып алуларына рұқсат сұрау екен.

Араға өсек-аяң да араласып кететін кездері болады. Ұлы Отан соғысы жеңісінің 56-жылдығын аудан бойынша атап өткенімізге бір аптадай уақыт болған. Қала ардагерлерінің бірі келіп:

— Сіз білесіз бе? Жеңіс күніне арнай бізге бір мың теңгеден сыйлық беру керек деген шешім қабылданған екен. Қала әкімі болса бір мың теңгеден емес, бес жүз теңгеден таратып беріп, қалған бес жүз теңгемізді өз қалтасына салып алыпты, — дейді сыбырлай сөйлеп.

— Оны сізге кім айтты?— деймін таңдана қарап.

— Бізге тиесілі әр конверттен бес жүз теңгені суырып алып қалтасына салып жатқанын көрген бір қария айтты.

— Ол қай қария? Аты-жөні кім?— деймін.

— Аты-жөнін айтпай-ақ қояйын. Сіз білмей-ақ қойыңыз. Оның өз көзімен көргенін жеткізіп отырғаным. Бұл мәселені көтеруіміз керек, — дейді өңештей сөйлеп.

— Ешқандай нақты дәлел жоқ, сіз осылай айтты екен деп шу шығаруым керек пе. Ендеше оның анық-қанығына жетейік. Ол үшін алдымен әлгі атын атамай отырған қариямыз көрген-білгенін, ол кезде қасында кім болғанын, қай мезгілде, қай жерде олай еткенін қағаз бетіне жазып берсін. Немесе өзі келіп айтсын. Олай етпесе айтқандары арада жүрген өсек деп түсінеміз.

— Өсек емей-ақ, рас! — деп болмайды одан өрі өңештеп.

— Рас екеніне көзіңіз жетсе осы айтқандарыңызды өзіңіз-ақ қағаз бетіне түсіріп береңіз. Содан соң барып ол мәселені көтерейік, — деймін.

— Мен бе?! Мен неге жазуым керек, егер көрмесем! — деп шоршып түсті.

— Олай болса естігеніңіздің бәрі өсек сөз болғаны. Біреудің қызғанышынан туған болар. Айта салынған алып-қашпа ала сөзге құлақ аспаңыз. Қайта, ондай өсек сөздерді басып тастап жүрсеңіз арамыз таза, ешқандай реніш те

болмас еді. Өз басым, қала әкімі ондай әрекетке барды деп ойламаймын, — деп мен де біраз пікірлерімді айтып қалдым.

Қарқыны біршама бәсеңдеген қариямыз үнсіз ойланып отырды да:

— Енді мен қайтайын. Расында ұят екен... — деп орнынан тұрып сыртқа қарай бет алды.

Әрине, кабинетіме келіп-кетіп жататын ардагерлеріміздің сана-сезімі, мінез-құлқы, өмірге деген түсінігі мен көзқарасы, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі әр қилы болғандықтан жағымды-жағымсыз әңгімелер болып тұратынын да жасыра алмаймын. Өз білгенімше келгендеріне жөнін айтып түсіндіріп жатам.

Осындай көптеген әрқилы жағдайлармен көмек сұрай келген ардагерлер бүгінге дейін толастамайды. Әлгінде айтып кеттім ғой, қайталап айтайын, қолда не билік, не қаржы болмаған соң аудан ардагерлер кеңесі өтініш айта келген қарияларға тиісті көмегін жасай алмай қиналатын кездері жиі болып тұрады. Осыған орай, көмектесіп жібере қоярлық жағдай болмағандықтан қариялардың көңіл-күйін шамалы болса да көтерсем деген ойға келдім. Қалай дейсіз ғой. Тапқаным — ауыл мен ауыл, қала мен қала, тіптен аудан мен аудан ардагерлерін бір бірімен дидағластыратын кездесулер ұйымдастырып, кездескен кезде өз ара өнерлерін көрсетіп, рухани дүниелерін аз да болса молайтуға жол іздей бастадым...

Ал, Ұлы Отан соғысының жеңісіне 56-жыл толуына орай аудан ардагерлерінің бас қосқан салтанатты кешінде мінбеге көтеріліп, төмендегідей құттықтау жолдарын жолдадым.

«Құрметті Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлері, сіздерді көктем шуағымен қабат келетін 9-май мейрамы, жеңіс күнімен құттықтаймын!

Сіздермен кездесе қалғанда кеуделеріңіздегі наградаларыңызды көріп, 1941—1945-ші жылдардағы тарих беттері еске түсіп үлкен күйзеліске ұшыраймыз. Сол жылдары тағдырдың көлденең тартқан ауыр, ауыр да болса Отанды қорғау деген қасиетті борыштарыңызды орындап, жауынгерлік ерліктеріңіздің жемісін, міне, 56-жыл бойы мейрамдап келесіздер.

Ол кезде әр қилы жолмен жаумен айқасқан барлық жауынгерлердің мақсаттары біреу-ақ еді. Қалай да ауылдарына жеңіспен оралу! Солай да болды. Жойқын жауды күйрете жеңіп жанұяларыңызға оралдыңыздар.

Бір мың төрт жүз он сегіз тәулік бойы фашизммен болған қан майданда соғысқан Совет жауынгерлері, олардың

ішінде сіздер де барсыздар, күн асқан сайын әлдене түсіп, неміс фашистеріне күйрете соққы бердіңіздер. Ол жеңістеріңізге ауылдағы, «Жеңіс үшін!» деп күндіз-түні еңбек майданында жүрген жасөспірім балалар мен әйел, кемпір-шалдар алақайлап қалай қуанды десеніздерші!

Елін, жерін қорғап қаншама боздақтарымыз жер жас-танды. Сол майдандастарыңыздың қапыда кеткен армандарын мына сіздер орындап шықтыңыздар. Ол — Жеңіс!

Сіздердің жауға деген өшпенділіктеріңіз бен Отанға деген сүйіспеншіліктеріңіздің арқасында Ұлы жеңіске жеттіңіздер!

Адам баласының болашағын фашизмнің ноқтасынан аман алып қалған жауынгерлер ретінде мыңдаған жылдар өтсе де сіздердің ерліктеріңізді адам баласы ұмытпақ емес!

Уважаемые ветераны! Примите глубокую благодарность за Ваш героизм в разгроме фашизма, активное участие в мирном созидательном труде, неутомимую работу по воспитанию подрастающего поколения на славных боевых и трудовых традициях.

9-мая — Ваш день! Победители! Мы, Совет Ветеранов, сердечно поздравляем всех участников Великой Отечественной войны, участников трудового фронта, всех пенсионеров и жителей района с Днем Победы! Желаем Всем крепкого здоровья, благополучия и долгих лет жизни. Пусть ничто не омрачает нашу жизнь, пусть всегда мирным будет небо над головой.

У нас царят мир и согласие, в обществе нет разногласия на национальной почве, а все возникающие вопросы решались и решаются конституционным путем.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері, естеріңізде болсын. Сіздердің көрсеткен ерліктеріңіз мәңгілік!» — деп сөзімді аяқтап мінбеден түстім.

Ду-у кол шапалақталып жатты.

III

Ойымды айтып Дәмір Тұяқбайұлына бардым. Аудан ардагерлер төрағалығына сайлануыма үлкен ықпал жасап, одан кейін де ақыл-кеңестерін молынан беріп жүрген Дәкен бұл ойымды толық құптады.

Дәкеннің қолдауымен ынталана түскен мен, ардагерлер кеңесін жетекшілікке алып жүрген Орынбасардың қабылдауында болдым. Амал жоқ, бардым. Өйткені атқарылатын мәдени іс-шаралардың оңынан шешілетіні сол

азаматқа байланысты екенін жақсы білем. Қалай, қалай емес деп күмәндануымның да себебі болды. Қашан, қандай іс-шарамен, бізге жетекшілік жасап жүрген аудан басшыларының бірі ғой деп оған бармайын, айтқандарыма көңіл қоя аяғына дейін тыңдамай жүре жауап беріп, немесе: “Жарайды, уақытында шешерміз” деп кабинетінен шығарып жіберетін-ді. Содан айтқан ойым да, атқарсам деген іс-шараларым да қолдау таппай қалып қойып жүретін-ді. Қабылдауында қайта болып, айтқандарымды қайталап есіне салсам: “Басқа жұмыстарым да бастан асып жатыр...” деп реніш білдіретін кездері де бар. Сол тұста ойға батам. “Ардагерлер кеңесінің алға қойған іс-шаралары орындалып жатса, ол деген ауданның да абыройы емес пе?..” деймін. Содан: “Не жазығым бар?” деген ой жетегінде де кетем. Өткен күндеріммен қоса өткен жылдарымды да есіме алам:

Иә, осыдан төрт-бес жыл бұрын баспадан шыққан “Арпалыс” атты кітабимді ауыл әкімдері арқылы оқырмандарға таратып пұлын шығарып береміз деп аудан әкімі Смәди Әбдиев 125 данасын үйден алдыртқан-ды. Ауыл әкімдеріне тез таралып кеткен ол кітаптардың пұлын шығарып бер деп Орынбасарға тапсырма бермей ме. Осы аралықта Орынбасар басқа жұмысқа ауысып кетіп, ол тапсырманы орындай алмай қалған-ды. Оның орнына келген қызметкерге де сол тапсырма жүктеледі. Одан да еш нәтиже шықпады. Содан аудан әкімі ауысып, оның орнына Құдайберген Орынбетов тағайындалды. Осы арада Орынбасар бұрынғы қызыметіне қайта оралды. Орынбетовтың да қабылдауында неше мәрте болып жағдайымды айтқанмын. Ол кісі де Орынбасарды шақырып алып: “Мына ағамыздың таралып кеткен кітаптарының пұлын шығарып бергін” деп тапсырма берген еді. Ол тапсырма бұл жолы да орындалмай созыла берді. Орынбетов аяқ асты қайтыс болып, оның орнына Нұрсұлтан Әкежанов ауданның әкімі болып тағайындалды. Бұл әкімге де жағдайымды айтып бармадым ба. Сөздің қысқасы, бара бергенімнен болар Нұрсұлтан Әкежанов:

— Қаржы жинау жағы қиын болып тұр. Бір шаруашылықтың бастығымен келістім. Кітаптарыңыздың пұлы ретінде үш тонна бидай алсаңыз,— деді.

— Нұреке, бидайды алғанда не істей қоям. Баспа алашақ ақшасы үшін бидайды қабылдай қояр ма екен. Мүмкін болса қаржылай берсеңіз. Қинап жүрген қарызымнан құтылайын,— деп тілек білдірдім.

— Олай болса бидайды сатып ақша жасап алыңыз,— дейді.

— Оны кімге сатармын. Оған қоса алып келіп, керекті жеріне жеткізіп салатын көлігім де жоқ,— деймін қиналғанымды білдіріп.

— Оныңыз да жөн екен. Бұл шаруаны Орынбасарға тапсырайын. Соған барып жолығыңыз,— деді.

Ертесінде Орынбасардың қабылдауында болып, Әкежановпен екеу ара болған әңгімені айтқан едім.

— Ол кісі де маған солай деді. Бір-екі күнде үш тонна бидайды осында жеткізетін болды. Оны сатып алатын адаммен де келісіп қойдым, пұлыңызды қолыңызға ұстатамын. Келесі аптада жолығып кетіңіз,— деді.

Аудан өкімшілігінен үш жылдан бері қайырып ала алмай жүрген пұлым енді қолыма тиетініне қуанып-ақ қалдым.

“Келесі аптада келіңізбен” екі айдың да жүзі өтті. Аяғында эзер дегенде тиесілі ақшаның үштен екі бөлігін ғана қолыма ұстатты. Оған да рахмет! Одан кейін қалған пұлымды алудан күдерімді үздім. Өйткені, өтсін деген аптасы аяқталмай, бірінен соң бірі кезегімен келіп діңкелете берді. Кейін келе ол жайында кімге болса да әңгіме жасауды қойдым.

Баспадан шыққан соңғы, “Ұстаздар тебіренісі” атты кітабымда, көңілімнен кетпей жүрген осы туралы шамалы әңгіме айтып берген едім. “Мүмкін сол үшін де Орынбасардың маған деген көзқарасы өзгеріп, ашуы басылмай жүрген шығар. Оған деген басқа жазығым жоқ еді ғой” деген ойда боламын. Ал оның кейінгі мына қылығы, меніңше, адамгершілікке жатпайтын шығар деймін. “Не істеп қойды?” дейсіз ғой. Аудан оқу бөлімінің бастығы: “Ауданымыздағы мектептердің бүгінгі күнгі хал-жағдайлары мен ұстаздардың тұрмыс-тіршіліктерін жазсаңыз” деген тілек білдірді. “Жазар болсаңыз, баспадан шыққан ол кітаптарыңызды бір-екі айдың ішінде аудан жұртшылығына, мектептерге таратып, пұлыңызды шығарып беруге ұжым болып көмектесіп жіберер едік” деп уәде де берген болатын. Содан біраз мектептерді аралап жүріп, мәліметтер жинадым. Кітап баспадан шықты. Оқу бөлімінің бастығы сөзінде тұрды. Баспадан шыққан кітаптарымының жартысына жуығын Тоқатаев атындағы мектептің кітапханасына қабылдаттырды. Осыдан біраз уақыт өте бере ауданымыздағы лауазымды екі бірдей азаматынан: “Орынбасар бауырыңыз оқу бөлімінің бастығына сіздің кітаптарыңызды таратпай басып таста” деген тапсырма беріпті ғой” дегенін естідім. Кітаптарымының таралмай жатып қалғанына қарағанда ондай тапсырма болса болған да

шығар. Бастықтың аты бастық қой. Жарты жыл өте бере уәде берген оқу бөлімінің бастығы қолындағы тізгінін қалдырып басқа жұмысқа ауысып кете барды.

Сыйға деген бір топ кітаптарымды қолтықтап алып, жаңадан тағайындалған оқу бөлімі бастығының қабылдауында болдым. Жаңа қызыметімен құттықтай отырып, оған да жағдайымды айттым. Несін соза берейін. Әлі күнге нәтиже жоқ. Сол жартас жартас қалыбында қалып қойып отыр.

“Баспадан басылып шығатын кітаптардың ақысын екі-үш айда төлеймін” деп берген қолхатыңыз бар. Уәдеде тұрмадыңыз, сотқа беріп, баспананызды алсақ та, өндіріп аламыз” деп баспаның бас бухгалтері мен бастығы төбемді шоқумен келеді... Көп сөйлеп кеттім-ау деймін. Айтайын дегенім, ауданымыздың өнері мен мәдениет саласын қанатының астына алып жүрген, жұртымыздың рухани байлығын қорғап әрі молайтатын Орынбасар бауырымыздың кейінгі қылығын неге апарып теңерімді білмей дал болып жүрген жайым бар, ағайын.

* * *

Аудан ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайлаған соң, алға қойған іс-шараларымызды орындау үшін, қайталап айтайын, амал жоқ Орынбасардың қабылдауына тағы бардым.

— Ореке,— деймін, барынша даусымды жұмсарта сөйлеп. Ауыл ардагерлер кеңесі төрағаларының берген мәліметтерін қағаз бетіне тізіп жазып, облысқа есеп бергеннен басқа да іс-шаралар ұйымдастырсам деген ойдымын.

— Ол қандай іс-шаралар?— дейді түсі жылымай.

— Еліміздің егемендік алуының 10-жылдығына орай Шелек өңіріне Есік өңіріндегі қарияларды алып барып, ардагерлердің жарасымды жиынын ұйыдастырсам. Жай ғана жиын емес, концерттік бағдарламамен барсақ. Қарттарымыздың көңіл-күйлері біраз көтеріліп-ақ қалар еді. Ол жарасымды жиынға тек ардагерлерді ғана емес, әр ұлттың мәдени орталықтарынан да өнерлі өкілдері мен белсенділерін қатыстырсақ.

— Оның бәрін маған несіне айтып тұрсың?— деді ала-көздене бір қарап алған ол.

Жасымның одан әлдеқайда үлкен екендігіме қарамай “Сен” деп сөйлегеніне шамалы болса да шамданып қалдым.

— Оны айтып тұрғаным, идеология жағын басқаратын, әрі бізге жетекшілік жасайтын өзің болған соң айтып тұрмын.

— Сонда мен не істеуім керек?

— Дүйсенбі күні ауыл әкімдері осында жиналғанда, ауылдарыңыздағы ардагерлердің бұл шараға қайсымыз қатысамыз дегендері болса, оларға көлік жағынан көмектесіп жіберіндер деп тапсырма берсең.

— Менің басқа шаруаларым онсыз да толып жатыр. Айттым ғой уақытым жоқ деп. Тізгінді қолыңа алған екенсің, білгенінді істей бер. Қарттарың керек екен, өзің жиып ал! — деп ренжи сөйлеп көзін ақшита маған тағы бір қарап алды да алдындағы жатқан қағазға шұқшия берді. Қайтып бас көтермеді. Менің де ішімде бір нәрсе “шырт” ете қалғандай болды. Басқа сөзге келмей сыртқа қарай шыға жөнелдім.

Қуықтай кабинетіме келген соң сабыр сақтап алды-артымды барлай бастадым. “Сен” деп маған көзін алартуына жол болсын! — деймін өзімнен өзім күйіп-пісіп. “Жалақы алып жүрген болсам қамшының астына алудан тайынар түрі жоқ қой, мынаның!” деген ойдан бойымдағы түйдектелген ашу қайта қозып шыға келді. Әлден соң бірмаша сабама түсе бастадым. “Қой, — деймін күбірлеп. — Битке өкпелеп тоныңды отқа салма” деген сөз бар ғой, елімізде. Ардагерлер кеңесінің мүшелері жиылып келіп маған үлкен сенім артқан екен. Ол сенімді ақтамасам “Сенген қойым сен болсаң” деп жүрер. Олардың жазығы не? Одан да шамам келгенінше өзім-ақ ардагерлердің бастарын қосып жарасымды жиын ұйымдастырып көрейін” деген ойға тоқтадым.

Содан Шелек ауылының ардагерлер кеңесінің төрағасы Қыдыржан Орынтаев пен әкімі Қуат Байғожаевқа телефон соғып, бір шаруамен ақылдаса баратынымды айтқан едім, екеуінен де:

— Келіңіз, күтеміз, — деген жауап алдым.

Ертесінде жол машинасына отырып алып Шелек ауылына қарай жүріп кеттім. Келген мені Қуат пен Қыдыржан жылы шыраймен қарсы алды. Ақылдаса келген шаруамды айтқан едім.

— Мына ойыңыз орынды екен. Қарттарымыз өмір ағымынан қалып қойып, өздерін қоғамға керексіз жандай тұншыға сезініп жүргендерін қалай жасырамыз. Бұл шараның іске асуына бар көмегімді жасаймын, — деп Қуат бірден қолдау танытты.

— Бұл жарасымды жиынды жоғарғы деңгейде өткізсек ардагерлеріміз дән риза болар еді, — деп Қыдыржан да қоштап жатыр.